



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚСТАН – ТӘЖІРИБЕЛІ БІТІМГЕР



Қазақстан егемендігінің 30 жылы ішінде ұзақ жолдан өтті. Осы кезең аралығында еліміз экономикалық дамуда, тұрақтылықты, егемендікті нығайтуда зор жетістікке жетіп, халықаралық аренада Қазақстан брендіне деген зор құрмет қалыптастырды. Бүгінде еліміз 2025 жылы және одан әрі қарай Қазақстанды әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің біріне айналдыруды мұрат еткен тұжырымдама жасап отыр. Ресей, Қытай және Орталық Азия арасында стратегиялық маңызды позицияға ие бола отырып, Қазақстан өз дамуының ауқымды стратегиясын әзірлеу қажеттігін ұғынды. Сайып келгенде, Қазақстанның да, басқа мемлекеттердің де жалғыз мақсаты – келер ұрпаққа қауіпсіз, ядрозсыз әлем қалдыру.

(Соңы 3-бетте)

КӨЗҚАРАС

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ БАР ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ БАР

Қоғамдық келісім орта ғасырдан жаңа заманға өту кезеңіндегі негізгі саяси ойдың өзегі болды. Ең алдымен мемлекет пен қоғам арасындағы келісім тұжырымдамасы ретінде көрініс тапқан бұл ой кейін қоғамдағы аймақтарын анықтауға тікелей ықпал етті десек артық айтқандық болмас.

Қоғамдық келісімнің негізгі өзегі қоғам мүшелерінің және түрлі әлеуметтік топтардың өзара ымыраға келуі. Бұл тұжырымдаманың дамуына әлемдік саяси-философиялық ойдың арқауы болған Гоббс, Руссо, Локк, Монтескье сынды ғұламалардың ықпалы тиді. Жалпы, қоғамдық келісім тұжырымдамасы заманауи қоғамның негізі, мемлекеттік құрылысты айқындайтын маңызды көрсеткіш. Қоғам деген компромисс – яғни, өзара ымыраға келу, келісу. Келісім болмаса қоғамнан маза кетіп, мемлекет тұрақтылығынан айырылады. Қазіргі заман бұрынғыдай монархия заманы емес. Монархия тұсындағы ең өзекті мәселе билік пен адам, қоғам мүдделері арасында баланс табу болса, бүгінгі күні қоғам мен мемлекеттің құрылысы әлде қайда күрделі. Маңызды қоғамдық мәселелерді шешу үшін мемлекет алдында тұрған негізгі мақсат тұрақтылықты азаматтық қоғам институттары арқылы қамтамасыз ету болып табылады. Бұл мәселе қоғамдық сананы, қоғамдық санамен бірге

азаматтық институттардың дамуын қамтамасыз етуге негізделеді.

Қазақстан әлеуметтік тұрғыдан өте күрделі мемлекет. Бұл компоненттердің қатарына айқын факторларды жатқызар болсақ Қазақстанның қоғамдық құрылысына ықпал ететін күш – Еліміздің көпұлтты, көпконфессионалды мемлекет екендігі. Онан кейін нарықтық тетіктерді іске қосқанда пайда болған табиғи әлеуметтік теңсіздік, халық жасына сәйкес құрылым, қала және ауыл тұрғындары секілді көптеген факторларды ескеру керек. Қазақстан осы күрделі құрылысты бойына сіңірген мемлекет. Осының барлығын бір ортаға жинайтын, мүдделер арасында ымыраға алып келетін бірінші кезекте қоғамдық татулық идеясы. Бұл идеяның өзегі қандай болуы тиіс деген сауалға келсек, ол сөзсіз – Ел азаматтарының өз болашағын Қазақстанмен жалғауын қамтамасыз ететін азаматтық ұғымы. Азаматтық қоғам құру идеясы осыдан бастау алады. Азаматтық қоғамның негізгі

өзегі азаматтардың тәуелсіздігі. Азамат мемлекетпен мүдделес болған жағдайда ғана мемлекет гүлденеді. Мемлекеттің дамуына мүдделі азамат қоғамның негізгі құраушы күші.

Елімізде соңғы жылдары айқындалып келе жатқан негізгі тренд қоғамдық келісімде этносаралық татулық тұжырымдамасынан азаматтық тұжырымдамаға өзгеруі, ойысуы. Шын мәнінде соңғы жылдары болып жатқан өзгерістер қоғамдық құрылыстың негізгі өзегі азаматтық идентификацияға қарай бұру қажеттілігінен туындады деуге толық негіз бар. Қоғамдық қатынастардағы негізгі бірлік этникалық негізге емес, азаматтық идентификацияға қарай ойысуында көп сыр жатыр. Қазак ежелден инклизивті қоғам. Түрлі ұлттар мен ұлыстардың тату өмір сүруі тең құқықтық, өзара сыйластықтың нәтижесінде ғана орын алуы мүмкін екендігі белгілі. Қазақстан басшылығы тәуелсіздік алған ең алғашқы жылдардан бастап этносаралық татулық мәселесіне жігі назар аударып келеді. «Мен» және «өзге» деген тұжырымдама Қазақстан жағдайында үлкен «Біз» тұжырымдамасына орын берді. Бұл Қазақстанды түрлі этникалық келіспеушіліктерден, ішкі қақтығыстардан аман алып қалуға тікелей әсер етті десек артық айтқандық болмас.

(Соңы 5-бетте)

СҮЙНІШІ

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқиев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- детектив жанрының атасы Кемел Тоқиевтен кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар.

Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтімен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!

**БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!**



СҮХБАТ

Ләззат БИСЕНОВА, Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы:

«ӘДІЛ ТӨРЕЛІК – АБЫРОЙ ӨЛШЕМІ»

– Ләззат Мырзалықызы, әңгімемізді сот саласындағы соңғы жылдарда орын алып жатқан жаңалықтардан бастасақ. Өткен жылдың 1 шілдесінде қолданысқа енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс жалпы жүйеге біршама леп әкелген сияқты.

– Расында да, 2021 жылдың 1 шілдесінде еліміздің тарихында айтулы оқиға орын алды. Бұл күні 2020 жылғы 29 маусымда қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізіліп, сот жүйесінде сот ісін жүргізудің жаңа бір тың формасы пайда болды.

Бұл реформа Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі жолдауында «біздің ортақ міндетіміз – азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел және тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру» деген игілікті бастамаларынан туындаған еді. Жаңа кодекстің шындығында халыққа тигізген ықпалы ақырындап болса да қазіргі таңда көріне бастады.

(Соңы 5-бетте)

МЕРЕЙ

Әр елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі ресми құжат – Конституция. Онда мемлекеттің бүкіл құрылымдары мен азаматтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі.

Қазақстан 1995 жылы 30 тамызда құқықтық мемлекет ретінде халықтың тарихи шешімімен Ата Заңын қабылдады. Қабылданғанына 27 жыл толған еліміздің бас құжаты қазақ елінің алғашқы Конституциясы емес.

Тарихы бай көшпенділер өркениетінде дала заңынан бастау алатын Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», әз-Тәукенің «Жеті Жарғысы» сынды салт-дәстүрді ұштастыра отырып қоғамда қолданылған заңдардың болғаны белгілі. Дау шешкен билеріміз осы норманы қатаң сақтай отырып қарар қабылдаған.

1991 жылы ел тәуелсіздігін алған шақта мемлекеттің Конституциясын



Шолпан МАЛИКОВА
Қызылорда облыстық сотының судьясы

ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН БОСТАНДЫҚ КЕПІЛІ

өзгерту өзекті мәселенің бірі болды. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда Жоғарғы Кеңестің сессиясында қабылданды. Сол кездегі Конституцияда Қазақстан мемлекеттің егемендігін алған соттан бергі көптеген құқықтық нормаларды, оның ішінде сот органдарын – Жоғарғы, Конституциялық және Жоғары арбитраждық соттар құрайтындығын көрсеткен. Сонымен қатар, негізге Парламенттік республика моделі алынған болатын.

Дамудың жаңа жолына түскен жас мемлекет үшін елдің одан әрі жылжып, әлеуметтік-экономикалық бір жүйеге түсіп, билік бөлінісі мен заңдардың, кодекстердің қайта жасқалыуы үшін заманға сай Конституция қабылдау қажеттілігі туындап, осы негізде қазіргі қолданыстағы Ата Заң қабылданды.

Құрылымына сәйкес Жалпы ережелер; Адам және азамат; Президент; Парламент; Үкімет; Конституциялық Кеңес; Соттар және сот төрелігі; Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-

өзі басқару; Қорытынды және өтпелі ережелер деп бөлінетін 9 бөлімнен тұратын жаңа Конституция ел дамуына жаңа серпін берді.

Себебі, Қазақстанның Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең озық 50 заңның қатарында.

Алайда, әлемдік тәжірибеге қарайтын болсақ, жаһан мен қоғам алға ұмтылған сайын, ескі жүйеден арылып, жаңа сатыға көтерілетіні белгілі. Сондықтан үстіміздегі жылы ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жалпыхалықтық референдум өткізілді. Жалпы 33 бапқа 56 өзгеріс енгізуімізге мензейтін референдумда көптеген жаңа ұсыныстар болды. Өзгерістерге сәйкес өмірге қайтадан Конституциялық Сот ұғымы келді. Негізгі міндеті – азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасы нормативтік

құқықтық актілерінің Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарау.

Талай уақыттан бері мемлекетіміздің тұрақтылығы мен ел азаматтары құқығының қорғалуына арқау болған Ата Заңымыздың тұғыры қашан да биік болсын.

Осы әрбірімізге қымбат құжаттан еліміздегі барлық заңдар бастау алып отыр. Ата Заңымызда көрсетілгендей, ҚР Конституциясын және заңдарын сақтау әрбір адамның міндеті екенін қаперде ұстауымыз қажет.

Күнделікті өмірде заңға құрмет болмаса, өмір сүру қиынға соғады.

Алайда заң мәртебелі болып, дұрыс жұмыс істеуі үшін, тәртіп сақталуы қажет. Дана ағамыз Бауыржан Момишұлының «Тәртіпке бас иген ел құл болмайды» деген сөзі мақалға айналып отыр.

Сондықтан Тәуелсіздігіміздің нышанына айнала білген Конституциямыздағы нормаларды сақтау әрі қастерлеу баршамыздың ортақ борышымыз.

ТАҒЫМ

ДАНАЛЫҚТЫҢ ӨЛШЕМІ

Ұлы Абайдың заң ғылымдарына сіңірген еңбегі зор. Араздасқанды татуластырып, шабысқанды жарастырған қайраткерді халқы ешқашан естен шығармақ емес.

Ұлы ақын, ағартушы, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы Шыңғыстауды жайлаған тобықты руында дүниеге келді.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі-қара сөздері. Абайдың қара сөздері – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған. Жалпы, саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын ойшылдың қара сөздері тақырыбы жағынан терең, мағыналық жағынан мазмұнды, тілі жағынан көркем, тәрбиелік жағынан танымдық, тағалымдық болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері, сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, тағы басқа көптеген әлем тілдеріне аударылды. Өзектілігі өміршең шығармалары бүгінде кең көлемді құраныста. Халыққа қажет туындылар қашанда өміршен. Абай – тұңғыш.

Е.УШБАЕВ,

Шахтинск қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН



ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Еңбек дауы жөніндегі келістіру комиссиясының шешімін қайта қарау өкілеттігі сотқа берілмеген. Еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Тараптардың келісімі бойынша еңбек даулары жоғары органдарда қаралуы мүмкін. Талап қоюшылық сипаты бар жеке еңбек дауларын шешудің мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады. Сонымен қатар, құжат еңбек қатынастарын реттеудің жаңа моделін қамтиды. Ол халықаралық еңбек ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының еңбек стандарттарына негізделген. Бұрын жұмыс беруші адам жүкті әйелді немесе 3 жасқа дейінгі баласы бар ананы, кәмелет жасына жетпеген жеткіншекті, болмаса мүгедекті жұмысқа қабылдаудан бас тартқан болса, оның себебін жазбаша түсіндіруі тиіс болатын. Ал, қазіргі жаңа кодекс бойынша жазбаша түсіндіру міндетті болып саналмай отыр. Есесіне, жаңа Еңбек кодексінде 18-ге толмағандарды енді ойын-бизнесіне, түнгі ойын-сауық, көңіл көтеру орындарында, алкоголь, темекі, есірткі заттарын өндірумен, тасымалдаумен және сатумен байланысты жұмыстарға қабылдауға тыйым салынған. Егер осыған дейін жасөспірім жұмысқа өтінім бергенде, олардың ата-анасы, немесе қорғаншылары, асырап алушылары жазбаша түрде келісім беріп, әрі еңбек шартына бірге қол тиіс болса, қазіргі жағдайда еңбек шартына жасөспірімнің қол қоюы жеткілікті болып саналады. Сол секілді бұрынғы талап етілетін құжаттар тізімінен әскери есеп құжаты мен мекенжай анықтамасы алынып тасталған, оның орнына жаңа 2 түрлі құжат: Егер қосымша жұмысқа орналасатын болса, жұмысшының негізгі жұмыс орнынан жұмысының сипаттамасы мен еңбек жағдайлары туралы анықтама талап етуге; Еңбек ұжымының талаптары келістіру рәсімі тәртібімен қаралады, яғни ұжымдық еңбек дауы кезектілік тәртібімен алдымен келістіру комиссиясында қаралады. Еңбек туралы заңдық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қолдану жөніндегі еңбек даулары (оларды орындамау не бұзу жөніндегі) тараптардың біреуі өкілінің арызы бойынша сотта қаралады. Ұжымдық еңбек дауын шешудің ең ақырғы шарасы ереуіл болып табылады. Ереуіл деп еңбек ұжымының жұмыс беруші мен ұжым арасындағы өздерінің әлеуметтік-экономикалық және кәсіби талаптарын қанағаттандыру жолындағы күрес шаралары түсініледі. Ереуіл еңбек ұжымы мүшелерінің белгілі бір мерзімге немесе жұмыс берушінің еңбек ұжымының талаптарын қанағаттандырмаған мерзіміне дейін жұмысты толықтай не ішінара тоқтатуы (жұмысқа шықпау, еңбек міндеттерін орындамау). Ереуілге шығу жөніндегі шешім – еңбек дауын келістіру рәсімдерінің көмегімен шешуге мүмкін болмаған жағдайда қабылданады. Сонымен, еңбек даулары дегеніміз – қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы бұрын реттелмеген еңбек дауларын шешу туралы заңды қолдану жеке еңбек және ұжымдық шарттар талаптарының орындалуы жөніндегі келіспеушіліктер. Еңбек дауларын тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қарайтын белгіленген тәртібі болады. Еңбек дауларын қарайтын органдар – келістіру комиссиясы және сот. Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін. Кез келген шарттың жағдайын елеулі және елеусіз деп бөлуге жатады. Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарды елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады. Жеке сақтандыру шартын жүргізген кезде сақтанушы мен сақтандырушының арасында: сақтандырылған адам жөнінде;

КИЕ

Тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ең жақсы адам – ана тілін құрметтеген адам. Ана тілдің терең пірімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін кез келген адамның бірінші парызы. Ол – туған жеріңді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз.

XX ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы: «егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталуы қамын қатар ойлауымыз керек. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» – деген еді.

Әріптесіміз Айтжан Досмағамбетова жазғандай, қазақтың бір туар ұлы

АНА ТІЛІ – АР ӨЛШЕМІ

Димаштың арқасында, қазақ тілінде әлем халықтарының ән шырқауы, расында да біздер үшін үлкен қуаныш, еліміз үшін – мәртебе.

«Ана тілің арың бұл, ұятың боп тұр бетте. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» – деп ақын Қ.Мырзаліев жырлағандай, ана тіліміз – біздің арымыз.

Тілді білмейінше ұлттың саулығы, оның өзіне ғана тән әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін және қоғамымыздағы құбылыстардың бәрін жете түсіну мүмкін емес.

Батыр Бауыржан ағамыз осыдан 78 жыл бұрын, дәлірек айтсақ 1944 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықовқа хат жолдап, Ресей империясына бодан болған замандарда қазақтың қаймағы

бұзылмаған ана тілінің саф алтындай бай құндылықтарының сарқыла бастағанын жазған болатын. Ол кездерде ұлт туралы, дәстүр туралы, тіл туралы ой толғау «ескіліктің, ұлтшылықтың» белгісіндей еді. Ұлттың баға жетпес байлығынан айырылып бара жатқанын біле, көре тұра үндемей қалу болашақ ұрпаққа сын. Тәуелсіз елдің отыз жылдық ғұмырында мемлекеттік тіл туралы түсініспеушіліктер болуы бәрімізге сын. Қазақ тілі өз тұғырынан ешқашан төмендемеу керек. Ол үшін бәріміз тілді көздің қарашығындай сақтап, қадірлеуге тиіспіз.

М.РЫСЖАНОВ,
Шахтинск қалалық сотының судьясы

ЖИЫН

ҚОҒАМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТА

Сарыағаш аудандық Полиция бөлімінің мәжіліс залында Сарыағаш аудандық Ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен пробация бөлімінде есепте тұрған қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаға сотталғандар арасында «Діни ағымдардың алдын алу» тақырыбында жиын өтті.

Кездесуде Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ доценті Бекбосынов Еркем, Алматы облысының «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстаушыларын оналту орталығы» КММ бөлім басшысы Матаев Ерлан, Сарыағаш аудандық Ішкі саясат бөлімінің маманы Даулет Бейсенов, Сарыағаш аудандық Полиция бөлімінен Сарыағаш аудандық пробация қызметінің қызметкерлері қатысты.

Жиында Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ доценті Е. Бекбосынов пробация қызметінде есепте тұрған қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаға сотталғандарға діни ағым ерекшеліктері, ағымдардың бөлінуі, дәстүрлі емес ағым жолына түскен жастардың тобы мен себептері туралы жеке-жеке тақырыптарға тоқталып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Бұл кездесуде діни алауыздықты немесе араздықты тудыруға, терроризм мен экстремизм идеяларының қауіптілігін насихаттау нысандарын, әдістері мен тәсілдерін түсіндіру, әшкерелеу – басты мақсат болды.

Діни ахуалы тұрақты мемлекетте бейбітшілік, достық, бірлік орнайтыны, ол ұзаққа созылатыны белгілі. Сол себепті де, Қазақстанда діни ахуалды тұрақты ұстап тұру үшін түрлі іс-шаралар өтуде. Оның барлығы – бейбітшілікті, діни алауыздықты болдырмауды көздейді – дейді «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстаушыларын оналту орталығы» КММ-нің бөлім басшысы Матаев Ерлан.

Жиын сонында теріс ағымды ұстанғандарды райынан қайтарудың жолдары мен психологиялық қағидалар жайында пробация қызметі есепте тұрған сотталғандардың қойған сұрақтарына теолог мамандары толық жауап берді.

Оразбай ӘЗИЗХАН,
Сарыағаш аудандық пробация қызметі бөлімінің аға инспекторы әділет капитаны

К.РЫСКАЛИЕВА,
Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚСТАН – ТӘЖІРИБЕЛІ БІТІМГЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан сыртқы саясатта да, экономикалық қатынастар саласында да көпвекторлы қағидатты ұстанады. Қазақстан үшін Ресеймен, сондай-ақ Еуропалық Одақ, Қытай Халық республикасы және басқа да серіктестермен ынтымақтастықтың маңызы зор. Бұл ретте ұлттық егемендік мәселесі қашанда бірінші орында тұрады. Сондықтан Қазақстан бүкіл посткеңестік кезеңінде сыртқы экономикалық өзара іс-қимылға, интеграциялық жобаларға қатысу барысында өзінің ұлттық басымдықтары мен міндеттерін басшылыққа алады.

Бүгінде Қазақстан көптеген интеграциялық процестердің бастамашы және белсенді қатысушысы. Соның бірі Еуразиялық интеграция туралы идея. Осының арқасында Кеден одағы, одан соң Бірыңғай экономикалық кеңестік, ал 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Беларусь, Қазақстан және Ресей негізін салушылар болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ өз жұмысын бастады. Осы жылы Армения Республикасы мен Қырғыз Республикасы ЕАЭО-ның толық құқықты мүшелері болды. XX ғасырдың ортасында қалыптасуы басталған Еуропалық одақ қатарында ЕАЭО әлемде толық экономикалық одақтың екінші үлгісі болып табылды. ЕАЭО саяси бірлестік болып табылмайды. ЕАЭО шеңберінде тек экономикалық ынтымақтастық мәселелері қарастырылады. Одақтың негізгі мақсаты мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру, олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау.

Қазақстанның жаһандық дағдарыстар үшін шешімдер іздестіруге қосқан үлесін ерекше атап өткен жөн. 1992 жылы еліміз Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (АӨСШК) шақыру процесін іске қосты. Бұл – планетаның ең ірі құрлығында қауіпсіздікті ілгерілетуге арналған бұрын-соңды болмаған құрылым. 2015 жылға қарай конференция 26 елді біріктіретін өте ықпалды форумға айналды.

2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымының (ЕКҰБ) төрағасы болып, ТМД-дағы осындай мәртебеге қол жеткізген алғашқы ел. Қазақстан өзінің төрағалығы шеңберінде ұйымға жаңа серпін беріп, 11 жыл ішінде Астанада ЕКҰБ-ның бірінші саммитін шақыра алды. Бұл бас қосу Еуро-Атлантикалық және еуразиялық қауіпсіздіктің бірыңғай және бөлінбейтін қоғамдастығының стратегиясына ерекше назар аударатын, өзі негізделетін қағидаттарды растады.

2011–2012 жылдары Қазақстан Ислам ынтымақтастығы ұйымын (бұдан әрі ИБҰ) басқарды және басым түрде мұсылман халықтары мен әлемнің басқа халықтары арасында өзара түсіністік қалыптастыру мақсатында елеулі шаралар

қабылдады. Сондай-ақ, ИБҰ-ның адам құқықтары жөніндегі комиссиясын құруға көмектесті. Қазақстанның бастамасы бойынша және оның төрағалығы кезінде Ислам конференциясы ұйымына мүше, 57 елді мемлекет арасындағы ынтымақтастықты көтермелеу жөніндегі неғұрлым ауқымды мақсаттарды көрсету үшін өз атауын Ислам ынтымақтастығы ұйымы деп ауыстырды. Сонымен қатар төрағалығы барысында азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымын құру туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Сирия дағдарысын шешу бойынша халықаралық күш-жігерге үлес қосып, Сирия оппозициясымен бірқатар келіссөздер жүргізу үшін алаң ұсынды. Бұдан басқа, 2014 жылы және 2015 жылдың басында Украина дағдарысының халықаралық қатысушыларымен бірқатар кездесулер өткізіліп, 2014 жылғы тамызда және 2015 жылғы ақпанда өткен осы мәселе бойынша Минскінің екі саммитін шақыруға және оның қорытынды табысына қол жеткізуге елеулі көмек көрсетілді.

Ақырында, Қазақстан Батыс Сахара мен Кот-д’Ивуардағы бейбітшілікті қолдау үшін БҰҰ-ның бітімгершілік миссияларына өз бақылаушыларын жіберді. 2015 жылы Қазақстан Астанада Орталық және Оңтүстік Азия үшін зорлық-зомбылық экстремизмге қарсы күрес жөніндегі өңірлік конференция (БНЭ) өткізу арқылы терроризм мен экстремизмге қарсы күрес жөніндегі жаһандық күш-жігерді қолдады, сондай-ақ, Вашингтон мен Нью-Йорк қалаларында өткен БНЭ саммиттеріне қатысты.

2003 жылдан бастап, Қазақстан әрбір үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін қабылдайды.

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды. ҚР-ның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретіндегі күн тәртібі туралы айта отырып, жалпы Қазақстанның осы бағыттағы қызметін екі негізгі бағытқа бөлуге болады.

Біріншісінде Қазақстан БҰҰ КҚ тұрақты емес мүшесі мәртебесінде мүмкіндігіне қарай Беларусь үшін де өзекті болып табылатын Еуро-Азиялық қауіпсіздік аймағында ҰҚШҰ және НАТО, ШЫҰ және АӨСШК, ЕО және ЕАЭО секілді әскери-саяси және геоэкономикалық ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға және байланыстарды қарқынды жағдайға жәрдемдесуге тырысты. Екіншісінде Қазақстан БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттерді, әсіресе Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерін 2045 жылы БҰҰ-ның 100 жылдығына орай әлемді ядролық қарудан құтқаруға шақырады.

Орталық Азия және Кавказ Институты орталығының директоры С.Корнелл және осы институттың негізін қалаушы және құрметті төрағасы проф. Ф.Старр 2020

жылдың соңында «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Халықаралық делдалдықтағы рөлі» атты жаңа жұмыс дайындады. Зерттеу төрт бөлімнен тұрады. Біріншісі – ҚР-ның тікелей сыртқы саясатына; екіншісі – Қазақстанның Халықаралық ұйымдарға (АӨСШК, БҰҰ, ЕКҰБ) және ҚР қатысатын халықаралық дипломатияға қатысуына, орны мен белсенділігіне арналған. Үшінші бөлім ҚР халықаралық бастамаларын қамтиды, оның ішінде бейбіт реттеу бойынша: Таулы Қарабақ қақтығысы, Қырғызстандағы 2010 жылғы дағдарыс, Алматыдағы Иран ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздер, Ресей-Украина қақтығысы, ислам әлемінде келісім орнату жөніндегі бастама, 2016 жылғы түрік-ресей қақтығысы және Сирия бойынша Астана келіссөз процесі.

Авторлар соңғы онжылдықта Қазақстан Халықаралық даулар мен қақтығыстар шеңберіндегі әлемдік делдалдық келіссөздер процесінде маңызды ойынға айналғанын атап өтті. Бұл жерде зерттеушілер ҚР делдалдық рөлінің екі аспектісіне назар аударады. Біріншісі, еліміздің көпвекторлы саясатты жүйелі түрде жүргізуі болса екіншісі Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) шақыру бастамасын көтерген Президент Н.Назарбаевтың жеке рөлі мен белсенділігі. Бұдан әрі бұл бастаманы 2010 жылы ЕКҰБ-дағы төрағалық толықтырды. 2017–2019 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі мәртебесіне ие болды.

Қазақстан Республикасының халықаралық медиатор ретіндегі табысына екі фактор ықпал етті: біріншісі – Астанада «адал мақалдерді» көрген басқа қатысушылардың қайырымды еркі; екіншісі – ең бастысы – Қазақстанның нақты бейтарап ұстанымы. Авторлар Қазақстанның халықаралық аренадағы бұрынғы жетістіктері Мемлекет басшысының тұлғасы мен оның беделіне байланысты болғанына назар аударады. Қойылған сұраққа жауап бере отырып, олар оған оң жауап беруге бейім. Бұған біріншіден, Н.Назарбаевтың мұрагері – тәжірибелі дипломаттың өзі және БҰҰ басшылығының жоғары тобындағы халықаралық шенеунік Қасым-Жомарт Тоқаев екендігін, оның іс жүзінде Қазақстанның көпвекторлы саясатының тең авторы және тікелей жүргізушісі болғанын негіз етеді. Екіншіден, Қазақстанның делдалдық рөлі Орталық Еуразияда Ресей-Түркия, Батыс-Ресей, Батыс-Иран, Қытай-Батыс, Түркия-Қытай (ШҰАА) желілері бойынша және Ауғанстанда түрлі сыртқы және өңірлік күштердің үздіксіз бақталастығының салдарынан сұранысқа ие болады. Бұл жағдайда тәжірибелі және сенімді медиатор ретіндегі Қазақстанның рөлі күрт өседі.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ҚАЙЫРЫМ

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОЛДАУ: 150-ден АСТАМ КІТАП ТАРАТЫЛДЫ

Бүгін «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының ұйымдастыруымен инклюзивтік білім беру моделін құру мақсатында 150-ден астам кітап үлестірілді. «Ерекше балалар. Мінез-құлық қолданбалы талдауға кіріспе» атты оқулық ерекше күтімді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізетін мамандарға, мұғалімдерге, ата-аналарға арналған. Кітап шетелдік білікті психологтар мен сарапшылардың еңбегінен қазақ тіліне аударылған. Жиынға облыстық партия филиалының Атқарушы хатшысы Б.Тәжібаев, облыстық мәслихат депутаты Қ.Жантөреева, салаға жауапты басқарма басшыларының орынбасарлары Н.Нұрлыбаев және Н.Нұрашов, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының өкілдері қатысты.

– «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында акциялар өткізіп, нәтижелі істерді атқарып келеді. Мәселен, кедергісіз орта қалыптастыру бойынша облыстық партия филиалы 260 нысанға мониторинг жұмыстарын жүргізіп, талапқа сай емес объектілерді анықтап, олардың талаптарға сай болуына атсалыды. «AMANAT» партиясы «Болашақ» корпоративтік фондымен бірге Ольга Мелешкевич пен Юлия Эрцтің еңбегінің қазақ тіліне аударылған

нұсқасын білім мекемелеріне, жоғарғы оқу орындары және оңалту орталықтарына үлестіру көзделуде. Түркістан облысына оқулықтың 154 данасы жеткізілді. Бұл кітаптың жаңа технологиялық әдістемелік құрал ретінде балаларды түзету бағдарламасына өзіндік пайдасы мол, – деген Б.Дәулетұлы кітаптарды жауапты сала өкілдеріне табыстады. Түркістан облысында ерекше білімді қажет ететін 26 мыңнан аса бала болса, оның 10 мыңға жуығы мүмкіндігі шектеулі балалар. Осы орайда «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аталған санаттағы азаматтарды жұмыспен қамту, кедергісіз орта құру және білім мекемелерінде инклюзивті орта құру бойынша 3 бағытта жұмыс істейді. Үшінші бағыт аясында партияның қолдауымен 2019 жылы «Дара» қоры арқылы Түркістан қаласында үш мектепте инклюзивті орталық ашылған болатын. Солардың бірі – Т.Бигелдинов атындағы №16 жалпы орта мектебінде орналасқан Түркістан қаласының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті. Бұл жерде қазіргі таңда 79 бала жеке түзету бағдарламасы бойынша сабақ алуа. Жиын қатысушылары орталықтың жұмыс барысымен де танысты.

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының баспасөз қызметі

ИГІ ІС

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ



«Қылмысқа қарсы күрес және қаламызда тәртіп орнату – біздің ортақ ісіміз», – деп атап өтті Қызылорда облыстық ПД бастығы Мұхтар Қожабаев жақында өткен полиция департаментінің дөңгелек үстелінде.

Жиынға Қызылорда қаласының әкімі, қала прокуроры, қалалық мәслихат депутаттары, мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің өкілдері, кәсіпкерлік басқармасының өкілдері, жеке кәсіпкерлер, ПИК төрағасы, БАҚ және қоғам белсенділері қатысты.

Дөңгелек үстелден кейін Өсербаев, Қорқыт Ата, Әйтеке би көшелерінің тұрғындарымен кездесу өтті.

Күн тәртібінде Өсербаев көшесіндегі құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі тұрды. Өз кезегінде тұрғындар жалға берілетін пәтерлердің, тәулікке, сағатына тапсырылатын пәтерлердің, жалға алушылардың санитарлық талаптарды сақтамауы, түнгі уақытта қоғамдық тыныштық ережелерін бұзуы жайлы өзекті мәселелерді көтерді.

ПД бастығы Өсербаев көшесіндегі өзекті мәселелер туралы, уәделенген инспекторлардың жергілікті жерлердегі жұмысы туралы біліп, қауіпсіздікті жақсарту және құқық

бұзушылықтардың алдын алу бойынша ұсыныстарды тыңдады.

Ашықтық, тұрғындардың проблемаларына жедел ден қою барлық мемлекеттік органдар, бірінші кезекте – полиция қызметінің басты басымдығы болып табылады. Қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қоғамды тарту деңгейін арттырудың шұғыл қажеттілігі болып табылады, өйткені, аймақтағы қылмыс мәселесін тек полиция шеше алмайды.

Қала әкімі кездесу қорытындысы бойынша осы аудандағы бейне бақылау камераларының санын арттыру, көшелерді жарықтандыру, Өсербаев көшесіне модульдік полиция бекетін орнату мәселесін шешуге уәде берді. Өз кезегінде, қала прокуроры заңдылықтың сақталуын бақылауға алды, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің өкілдері аудандағы санитарлық нормалардың сақталуын бақылайтын болады. Осыған ұқсас жұмысты Мемлекеттік кірістер департаменті атқаратын болады.

Кездесуге қатысқан қоғам белсенділері әкімшілік уәделенген қауіпсіздік пен құқық бұзушылықты қамтамасыз ету бойынша бірқатар ұсыныстар берді.

Қызылорда облысы ПД баспасөз қызметі

ЖАСТАР САЯСАТЫ

БҰҰ Бас Ассамблеясы 12 тамыз Халықаралық жастар күні деп бекіткен болатын. Осыған орай, жақында ЗК-169/1 тергеу изоляторының жеке құрамы 13 жас маманмен толықты.

Олар арнайы заң саласы бойынша диплом алған соң, ҚАЗЖ департаментінің бос лауазымдық орындарға конкурс жариялауы негізінде қабылданып, Қостанайдағы Ш. Қабылов атындағы академияда үш айлық білімін жетілдіру курсына оқып келді. Мекемеге алғаш келген күні мекеме бастығы, әділет майоры Ильясов Қайырбек жеке қабылдап, ҚАЗЖ қызметінің жауапкершілігі жайлы айтып түсіндіріп, сәт-сапар тіледі. Одан соң, кадр саясаты тобының кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлық жөніндегі аға инспекторы, әділет капитаны М.Тұрымбетов қатардағыларға әрдайым өздерімен бірге қызметтік құжаттары, жетондары мен нышанды киім үлгісінің талапқа сай болуын ескертіп, мемлекеттік қызметкерлерге арналған Әдеп кодексі жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізді. Жас қызметкерлердің жұмыс

МЕКЕМЕ ЖАС МАМАНДАРМЕН ТОЛЫҚТЫ



барысына кірігіп кетуі мақсатында психолог маман, әділет аға лейтенанты М.Махашова жаңадан келгендермен тренинг өткізді.

Бүгін жас мамандардың кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру, қызмет-

те өздерін көрсетіп, ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінуіне, бейімделуіне ықпал жасау мақсатында тренинг өтті. Бұдан бөлек олармен танысу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта әрқайсысының отбасына барып, жанұясындағы әлеуметтік ахуалын зерделейміз. Өйткені, отбасындағы жылы атмосфера олардың күнделікті қызметке түскендегі көңіл-күйінің сергек болуына игі әсер етеді. Сондай-ақ, олардың қызметтегі қиындықтарды игеріп, жұмысқа машықтанып кетуіне көмектесу мақсатында тәлімгерлер бекітілетін болады – дейді, аға инспектор М.Тұрымбетов.

Жалпы, мекеменің жеке құрамының 80% пайы-

зы отызға дейінгі жастардан құралған. Олардың дерлігі өз қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен атқарып, антына адалдық танытып жүрген жастар. Бір құптарлығы жастар жұмыстарының қауыртығына қарамастан, мекемеде өткізілетін қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, өздерін өр рухты, ұлтжанды азамат ретінде көрсетуге барын салады. Олардың арасында спорт шеберлері, ән айтып, сурет салатын, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ ойнайтын жан-жақты өнерлі жастар да бар. Тағы бір ерекше атап өтетін жайт, жеке құрам арасында біршамасы оқу орындарын қызыл дипломмен аяқтағандар. Тәуелсіздігіміздің орнығуы жолында құқық саласына өз үлестерін қосып жүрген жеке құрам, осылайша білімді, білікті жас мамандардан құралған.


Р.НАРБЕК,
«Заң газеті»

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Кез келген зайырлы елдің даму бағыттарын белгілейтін басты құжаты – Ата Заңы. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін бүкіл халықтық референдумда кең байтақ Қазақстанның көп ұлтты халқы өзінің егемендік құқығын барша әлемге паш етіп, көптеген елдермен терезесі тең, іргетасы мықты демократиялық жолмен дамып келе жатқан мемлекет екендігін танытты. Сөйтіп, 1995 жылдың 30 тамызында Ата Заң өмірге келді.

Тоғыз бөлім мен тоқсан сегіз баптан тұратын Ата Заңның алғашқы бабы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп басталады. Бұл мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі.

Еліміздің Ата Заңы халқымыздың



«ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА – АДАМ»

дербес ел болуды армандаған, мүддесін заң тілінде айшықтаған, жер шарына, адамзат ғаламында «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат. Ата Заңымыздың өзгешелігі Қазақстан Республикасының тәуелсіз дамуының мемлекеттік тұғырын, басқару тәсілін, билік тармақтарын бекітіп, «байырғы қазақ жерінде мемлекет құрылғаны» жария етті. Конституция бізге, адамдық қадір-қасиетімізге қол сұғылмауына, тіліміз бен дініміздің дамуына, ар-ождан бостандығын қорғауға, адал еңбегімізбен тапқан мүлкіміз бен еншісімізді сақтауға кепілдік береді.

Еліміздің осы негізгі заңы уақыт сынынан сүрінбей өтті. Оның негізгі қағидалары барлық халықаралық стандарттарға сай келіп, қоғам мен мемлекетті дамытудың осы кезеңдердегі ең жетілдірілген үдістерімен үйлесім тапты. Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайту және экономикалық реформаларды жүргізудің басты құралына айналған бұл Ата Заң адамдардың барлық азаматтық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, олардың өздерінің мемлекеттің сенімді қорғауында екенін терең сезінулеріне жағдай туғызды. Осы арқылы қазірде бүкіл қылмыстық-құқықтық саясатты ізгілендіру үрдісі де жүзеге асырылуда.

Жалпы, Конституция еліміздің ең

маңызды саяси-құқықтық құжаты болып табылады. Бұл өмір сынынан өтіп өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Тәуелсіз еліміздің негізгі заңы, халқымыздың құқықтық мәдениетінің негізін қалаған, қоғамымыздың одан әрі даму деңгейіне сәйкес келетін құқықтық гуманитарлық тұжырымдамасы бола білді. Сөйтіп, Конституциямыз еліміздің бүкіл нормативтік құқықтық базасын қамтамасыз етіп мемлекеттік билік органдарының, басқару құрылымдарының, жеке азаматтардың қызметін заң аясында жүзеге асыруына негіз қалады. Қазір қоғамымыздағы барлық құқықтық міндеттер осы негізгі заң – Конституция арқылы жүзеге асуда. Қалыптасқан түрлі қарым-қатынастар осы Конституция арқылы реттеліп отырады. Мұнда мемлекеттік органдар қызметінің бірыңғай жүйесін қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Бұл негізгі заңымыздың ең басты талабы.

«Бірлік бар жерде тірлік бар», демеңкі бұл дүниеде тату-тәтті тіршілікке, ынтымаққа жетер ештеңе жоқ. Демократиялық құқықтық мемлекет құру жолындағы барлық құқықтық міндеттер осы негізгі заңымыздың негізінде болатындығы ешқашан да күмән туғызбайды. Еліміздің заңдарын өмірге келтіруде зор еңбектер сіңірген көрнекті заңгер Сұлтан Сартаяв былай деген болатын: «Тәуелсіздік алған елге бірлік керек. Заманымыздың қиыншылығына

қарай ақылдан бұрын ашу жүрмесін. Ашу кернеп, жалаң тілді алға салмайық. Әр істеген ісімізді ой қорытындысы, парасаттылық болсын. Әлеуметтік, саяси, экономикалық бостандықты орнықтыру, жаңалыққа жол ашу үшін күпірлі сөзден аулақ болып, дүбірлі ортақ істің бабын баптап, халқымыздың қажыр-қайратын жасапмаздық арнасына бағыттап, ел алдындағы парызымызды орындайық...», – деген болатын. Иә, осындай ұлы мақсаттарды орындау жолында жас ұрпақты отаншылыққа тәрбиелейтіндей неғұрлым ізгілікті жетістіктерді пайдалана отырып, Конституциямыздың әлеуетін арттыра берсек дейміз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан халқының бірлігіне жол бастаған Ата Заңда бекітілген республикамыздың тұғырлы қағидағары бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазақстанның халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі. Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

А.МИЗАНБАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
төрағасы

Нұрсұлду УРСТЕМБАЙ,
Наурызбай аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Қазақстанның қолданыстағы заңнамасына енгізілген түзетулерге байланысты тіркелген және қызметін жүзеге асыратын үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативтері, тұтыну кооперативтері көпкөпәтерлі тұрғын үйді басқару жөніндегі қызметті 2022 жылғы 1 шілдеге дейін жүзеге асырады.

Тиісінше осы мерзім аяқталғаннан кейін жоғарыда аталған заңды тұлғалар таратуға байланысты қызметін тоқтату рәсімінен өтуі керек.

Бұл ретте 2022 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде үй-жайлар меншік иелерінің кооперативтері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің тұтыну кооперативтері, көпкөпәтерлі тұрғын үйді, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін салуға, күтіп-ұстауға және пайдалануға байланысты барлық қолда бар құжатты қабылдау-тапсыру актісі бойынша көпкөпәтерлі тұрғын үй кенесіне беруге, қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін ҚР заңнамасында айқындалған тәртіппен таратуды жүргізуге міндетті екенін ескеру өте маңызды.

Бүгінгі күні Ақмола облысының аумағында 100 үй-жай (пәтер) иелерінің кооперативі тіркелген.

Осыған байланысты, «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» ҚР заңымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларымен регламенттелген заңды тұлғаның қызметін тоқтату тәртібін түсіндіргім келеді.

Бірінші кезекте мүлктің меншік иесі немесе уәкілетті тұлға заңды тұлға

МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ КООПЕРАТИВТЕРІ ТАРАТЫЛУҒА ЖАТАДЫ

ны тарату туралы шешім қабылдайды. Бұдан әрі заңды тұлғаның мүлкін меншіктенуші немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған орган тарату комиссиясын құрады және ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

Тарату комиссиясы құрылған кезден бастап оған заңды тұлғаның мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттік ауысады. Тарату комиссиясы сотта таратылатын заңды тұлға атынан әрекет етеді.

Тарату комиссиясы заңды тұлғаны тарату, сондай-ақ, оның кредиторларының талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында, яғни республикалық газеттерде жариялайды.

Шағымдарды жариялау мерзімі тарату туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі айдан кем болмауы мүмкін екенін білу өте маңызды.

Кредиторлардың наразылық білдіру мерзімі аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, таратылған жағдайда мүлкті пайдалану тәртібі сияқты және т.б. мәселелерді шешеді.

Содан кейін заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе тарату туралы шешім қабылдаған орган «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ-ның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің біріне немесе



«электронды үкіметтің» www.egov.kz веб-порталына төмендегі құжаттар жинағымен жүгінеді: заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы өтініш; заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, не заңды тұлғаның мөрімен бекітілген құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі; ҚР бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында заңды тұлғаны тарату,

кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың жарияланғанын растайтын құжат; заңды тұлғаның мөрі (бар болса) жою туралы құжат және коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын құжат.

Заңды тұлғаны таратуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш тіркеуші органға заңды тұлғаны тарату туралы ақпарат жарияланған күннен бастап

кемінде екі ай өткеннен кейін ұсынылады.

Тіркеу алымын төлеуге қатысты ПИК қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу үшін алым мөлшерлемесі – 1 АЕК (2022 жылғы 1 АЕК 3 063 теңге) заңды тұлғалардың орналасқан жері бойынша төленетінін атап өткіміз келеді.

Тіркеуші орган заңды тұлғаны тарату туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тарату тәртібінің сақталуын тексереді, заңды тұлғаны тарату туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізеді.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» заңның 16-бабына сәйкес тіркеуші орган заңды тұлғаны таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш қажетті құжаттарымен қоса берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді.

Токтату жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

Г.АБСАМАНОВА,
Ақмола облысы Әділет
департаментінің тіркеу қызметі
саласындағы әдістемелік
қамтамасыз ету және бақылау
бөлімінің жетекші маманы

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

БӨСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК АРТТЫ

Сот реформалары ең алдымен, азаматтардың сот арқылы қорғалу мүмкіндігін қамтамасыз етуді көздейді. Бұл бағытта Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынған оңтайландыру шаралары өзін-өзі ақтауда.

Оңтайландыру шараларының бастысы ретінде үш сатылы сотты атасақ, бұл жүйе халықаралық стандарттарға толығымен сай келеді. Сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде заманауи технологиялар мен «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы тың серпін бергенін де айрықша айтқан жөн. Мысалы, осы бағдарлама негізінде жүзеге асырылған «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс» «Сапалы нәтиже», «Smart-сот», «Коммуникациялық стратегия» және «Сотқа дейін, сотта татуластыру» жобалары сала қызметін жоғары деңгейге көтерді.

Бұған қоса «Түнгі сот», «Отбасылық сот», «Бітімгер-судья», «Татуластыру орталықтары», фронт-кеңселер соттар жұмысының тиімділігін одан әрі арттырып, дау-дамайдың созбаланға салынбай шешілуіне ықпал етті. Яғни, азаматтардың сот барысында орын алатын әуре-сарсаңын азайтты.

Бүгінде сот өндірісі электронды жүйеге көшіріліп, бірыңғай сот практикасы жолға қойылды, сондай-ақ, басы артық рәсімдер жойылды. Осы тұрғыда сот актілерінің жаңа параметрлері енгізіліп, жаңа типтік нысаны бекітілді. Судьяның электронды түрде рәсімдеген шешімі IT бағдарламада көрініп тұрады. Бұл үрдіс судьяның өзі шығарған әрбір сот актісінің сапасына жауапкершілігін арттырады.

Электронды сот өндірісін толықтай іске қосу халықтың сотпен байланысын жеңілдетумен қатар, олардың өздеріне қолайлы уақытта сотқа жүгінулеріне мүмкіндік берді.

Бұл бағыттағы жүйелі жұмыстар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасымен толықтай үйлесім тапты. Цифрлық сервистер бөсекеге қабілеттілікті арттыруда зор маңызға ие.

Сотқа қолжетімділікті қамтамасыз етуде «Сот кабинеті» сервисін айрықша атауға болады. Сервис сот өндірісін барынша жеңілдетті. Бүгінде «Судьяның интеллектуалды көмекшісі», «Сандық сот сараптамасы», «Сот өндірісін роботтандыру», «Жасанды интеллект» сынды қызметтер сала жұмысына қарқынды түрде енгізіліп жатыр.

Сандық сараптама сот өндірісіндегі кез келген іс бойынша сот тәжірибесін жинақтауға, яғни бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыруға, ал роботтандыру – судья қарауынсыз шешілетін даусыз істерде сот актілерінің жобаларын дайындауға жол ашады. Шешімге судья қол қоятындықтан, роботтандыру мәселесінде конституциялық талаптар бұзылмайды.

Жасанды интеллектіні қарапайым тілмен түсіндірсек, ол процеске қатысушылардың құқығын сапалы қорғауды және сот тәжірибесін біріздендіруді қамтамасыз ететін қосымша құрал ретінде пайдаланылады. Аталған процедураларды азаматтардың конституциялық құқықтарын әділ қорғау жолындағы игі бастама деуге толық негіз бар.

Халықтың сотқа деген сенімінің нық қалыптасуы олардың заң үстемдігі мен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуімен тікелей байланысты. Сондықтан, сот әділдігі, судьялардың тәуелсіздігі, кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі реформалар үздіксіз жалғаса беруді.

Саладағы тың бастамалар адам игілігіне, яғни азаматтарымыздың тұрмыс сапасы мен қауіпсіздігі үшін жасалады. Себебі, сот жүйесі неғұрлым тиімді болған сайын заң үстемдігі берік орнығады.

Сот актілерінің ашық базаға салынып, оларды азаматтардың көріп-білуіне жағдай туғызды, сондай-ақ, әр судьяның өзі шығарған шешімді түсіндіруі – Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың: «Біздің істеріміздің барлығы тек бір маңызды мақсатқа бағытталған – біздің азаматтарымыз, бизнесмендер, шетелдік инвесторлар мен халықаралық серіктестеріміз қазақстандық соттарға сенуге және сенімді болуға тиіс» – деген талабынан шығудың бір парасы іспетті. Ел сенімін ақтау жолында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар қазақстандық соттардың мақсаты айқын, бағыты анық екенін көрсетеді.

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл кодекстің қабылдануына байланысты басқару қызметін ұйымдастыруды жетілдіруге, мемлекеттік органдардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға бағытталған, сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында олардың өтініштерін беру мен қарауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеп келген бұрынғы «Әкімшілік рәсімдер туралы» және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР заңдары күшін жойды. Жария құқықтық қатынастан туындайтын даулардың қаралуын осы уақытқа дейін реттеп келген Азаматтық процесілік кодекстің 27-29 бөлімдері алынып тасталды. Себебі, бұл Азаматтық процесілік кодекс негізінен жеке-азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды қарауға бағытталған.

Ал жария-құқықтық дауларда сотқа келген бір жағынан азамат, екінші жағынан әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға болып табылатын екі тарапты тең деп айтуға болмайды. Мемлекеттік орган өзінің әкімшілік және адами ресурстарымен құқықтық тұрғыдан қарапайым азаматтан әдекайда басым түсетіні анық. Ал осы тараптар арасындағы құқықтық теңдікті қамтамасыз ету әкімшілік әділеттің басты міндеті болып табылады.

Осылайша, еліміздің сот жүйесіне жаңа леп әкелген бұл кодекс жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыруға, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізуге бағытталған.

– Мамандандырылған әкімшілік соттардың қоғамға тиімді тұстарын атап берсеңіз.

– Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңашылдықтары өте көп. Әрине олардың барлығы азаматтардың мүдделері мен құқықтарын толыққанды қорғауға бағытталған. Мысалы, кодексте әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге



Ләззат БИСЕНОВА, Ақтөбе облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы:

«ӘДІЛ ТӨРЕЛІК – АБЫРОЙ ӨЛШЕМІ»

асырылады деп көрсетілген. Белсенді рөл атқара отырып, судья сотқа қатысушылардың түсініктемелерімен, олар ұсынған дәлелдермен, айғақ мысалдармен ғана шектеліп қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді және өз бастамасы бойынша қосымша дәлелдемелерді жинай алады. Азамат сотқа құқықтары мен заңды мүдделері бұзылғандықтан жүгінеді, алайда заң нормаларын толық меңгермегендіктен талапты нақты қоймауы, іске тиісті жауапкерді тартпауы мүмкін. Мұндай жағдайда, судья тарапынан азаматқа құқықтық «көмек» көрсете алады және судьяның бұл өкілеттігі осы жаңа заң нормаларымен бекітілген.

Сонымен қатар, судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелері бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айта алады. Осы норманы қолдану барысында, сот әкімшілік процеске қатысушыларға даулы қатынастарды

реттейтін заң нормаларын түсіндіре алады және бұл өз кезегінде тараптарды татуластыруда өте маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отыр. Әкімшілік іс бойынша тараптардың бітімгершілікке келуімен аяқталатын істер санының артуы осыған дәлел бола алады. Сөз кезегінде айта кетейін, бұрын мемлекеттік органдардың талап қоюшылармен бітімгершілікке келуге заң тұрғысынан құқықтары болмаған еді, қазір жаңа кодекс билік органдарына дауды азаматтармен татуласу арқылы шешуге толық мүмкіндік беріп отыр.

Әкімшілік сот ісін жүргізу ерекшеліктерінің бірі – сот шешімінің орындалуына соттың бақылау жасауы. Яғни, судья істі қарап, шешім шығарып қана қоймай, ол шешімнің орындалуына бақылау жасауды да өзі толық іске асырады. Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін оны орындау үшін жауапкерге жібереді. Егер шешім сот белгілеген уақытта орындалмаса, онда судья шешімді орындамаған әкімшілік органға немесе лауазымды тұлғаға он

айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткішке дейін ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

– Өзіңіз басқарып отырған сот жұмысына тоқтала кетсеңіз, жартыжылда сіздерге келіп түскен істердің арасында қандай даулар басым? Былтырғымен салыстырғанда былтырғы жылдағы үлес салмағы қандай?

– Иә, әкімшілік соттардың жұмыс жасағанына бір жыл толғандықтан, статистикалық мәліметтерді саралап, жұмыс көрсеткіштеріне шолу жасауға мүмкіндік бар.

Өткен жылы азаматтардың пайдасына шығарылған шешім саны 30,5% болса, был бұл көрсеткіш 60,6% құрап отыр.

Сонымен қатар, былтыр қаралған істердің әрбір төртіншісі татуласумен аяқталса, был әрбір үшінші іс бойынша тараптар бітімгершілікке келген.

сот орындаушыларының іс-әрекетіне келтірілген шағымдардан тұрады. Соның ішінде, был жер дауларының 83,3%, салық дауларының 66,6% және сот орындаушыларға қатысты даулардың 52,5% азаматтардың пайдасына шешілген.

– Судьялар біліктілігін көтеру мәселесіне қатысты қандай ұсыныстар айтар едіңіз?

– Әрине, судья үнемі өз білімі мен біліктілігін жетілдіру бойынша жұмыстармен үздіксіз айналысады. Судьялар біліктілігін арттыру, сонымен қатар әкімшілік әділет институтын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотында көптеген жұмыстар атқарылууда. Мысалы, әкімшілік сот ісін жүргізудің өзекті мәселелері бойынша семинарлар, дөңгелек үстелдер, басқа да іс-шаралар өткізіліп тұрады. Әкімшілік әділет институты дамыған елдермен судьялардың халықаралық

Жоғарыда атап өткендей, жаңа кодексте көзделген соттың белсенді рөлін қолдану нәтижесінде мемлекеттік органдар жіберген қателіктерін өз бетімен түзетіп жататын кездері болады. Мұндай жағдайда, талап қоюшылар мәселенің шешілуіне орай, талапты кері қайтарып алады. Осы негізбен қайтарылған істер саны өткен жылы 13,6% болса, был бұл көрсеткіш 17,5% жетіп отыр.

Мемлекеттік органдарға қатысты шығарылған жеке ұйғарымдар саны 11-ден 37-ге артқан.

Жаңа кодексте соттың сұранысын орындамаған, сотпен белгіленген мерзімде талап қоюға қарсылық жолдамаған тұлғаларға, тағы да сол сияқты заңмен көзделген негіздер бойынша ақшалай өндіріп алу құқығы көзделген. Сот жұмыс жасаған бір жыл ішінде 18 лауазымды тұлғаға қатысты ақшалай өндіріп алу шешімін қолданған, жалпы сомасы 1 198 935 теңгені құрайды.

Статистикалық көрсеткіштерге сәйкес сотқа түскен істердің басым көпшілігі жер, салық дауларынан және

тәжірибе алмасуы жүйелі түрде іске асырылса деп ойлаймын. Білікті кадр – ұжым шырағы. Сот саласы қай уақытта да кадрларының таным-түсінгі мен терең біліміне мән береді. Жас кадрларға аға буынның үлгілі тұстарын меңгеріп, үйрену маңызды. Білікті кадр қай кезде де, қай ортада да өз беделіне нұқсан келтірмейді, білімді болуға, тәжірибелі кәсіби маман болуға ұмтылады. «Жаңа Қазақстан» бағдарламасы аясында судьяларға да бәсекеге қабілетті болу алғашқы кезектегі өзекті мәселе. Білімді де білікті судья шәкірт тәрбиелейді, судьялар мектебін қалыптастыруға, келер ұрпаққа аманаттай алатын тәлім беруге ұмтылады. Судья озық елдің үлгілі тұстарын кейінгі ұрпаққа аманаттаушы, үйретуші. Сондықтан да сот саласының қызметкерлері үшін жауапкершілік бәрінен де жоғары. Ал, әділ төрелік – абырой өлшемі.

– Жауаптарыңызға рақмет. Істеріңіз сәтті болсын.

Сұхбаттасқан Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ

КӨЗҚАРАС

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ БАР ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ БАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл тұжырымдама белгілі этникалық топтың үстемдігінде емес, қайта ортақ азаматтық ұстанымның даму деңгейімен айқындалады. Азаматтық қоғам көп этностың емес, бірінші кезекте азаматтардың бірлестігі. Азамат өз болашағын Елімен байланыстыратын тұлға. Бұл ішкі тұрақтылықтың кепілі.

Келесі маңызды фактор тұрақты орта тапты қалыптастыруда. Себебі, мемлекетті адаммен байланыстыратын фактор мүдде. Адам қоғамдық татулық пен мемлекеттің дамуына қай кезде мүдделі болады? Оны ол мемлекетпен материалдық-экономикалық мүдде біріктіргенде. Бұл мүдде азаматтың отанына деген ыстық ықыласын оятып, оның мүдделілігін арттырады. Жалпылай келсе немесе құлшылық қоғамда мұндай мүдде болмайды. Өйткені, құлдың тағдыры мемлекет гүлденсе де, артта қалса да өзгере қоймайды. Бұл қағиданың көрінісін біз құл-

дардан құралған армия жасақтаған ежелгі Карфагеннің мысалынан да көре аламыз. Жабдықтау мен әскери техникасы жағынан Карфаген армиясы Рим армиясынан артық болғанымен, ерікті азаматтардан құралған қарсыластың армиясына төтеп бере алмады. Ерікті азаматтар Римнің дамуына мүдделі болғандықтан үлкен жеңіске жетіп, тарихи бәсекелесін жермен жексен етті. Немесе атақты Парсы патшалығын алыпқыздар, әлемнің көптеген елдері мен тайпаларына билік жүргізген ең қуатты империяның грек полистерінен жеңіліп қалуының негізгі себебі неде? Парсы әскерінің негізгі дені жаулап алынған халықтардан тұруы. Олар бірінші кезекте өзге мемлекеттің мүддесі үшін күресуге деген ынтықсынын төмендігі болса, екіншісі гректермен соғыста олардың гректерге қарағанда Парсы мемлекетін көбірек жек көруі болды.

Бүгінгі күні әлемнің ең алпауыт елі АҚШ деп қарастырылса болсақ,

оны сырттан келген мигранттар құрағандығын түсінеміз. Ойлап қарасаңыз елестету қиын нәрсе. Мемлекет құраушы этнос немесе ұлты жоқ Елдің мұндай биікке жетуі тарихи, әлеуметтік аномалия секілді көрінеді. Бірақ АҚШ кейсінің ерекшелігі де сонда. Адамның ыңғайлы өмір сүруі үшін жасалған жағдай бұл елдегі Азаматтық институттың инклюзивті негізде қалыптасуына ықпал етті десек артық айтқандық болмас. Нәтижесінде АҚШ-қа келген жат жұрттық тұлға мемлекетте өз орнын тауып, ешқандай кемсітушіліксіз әлеуметтік интеграцияға түседі, қоғамның белді мүшесі болып қалыптасады. Мемлекет ол адамды өз қорғауына алып, дамуына жағдай жасайды.

Бұл бағыттағы тарихи мысалдар да жеткілікті. Кез келген ұлы мемлекеттің қалыптасуы инклюзивтілік негізінде жүзеге асты, немесе біртіндеп инклюзивтілікке алып келді. Ежелгі грек полистерінде де, ежелгі Римде де, Шыңғыс

хан империясында да мемлекеттің дамуы инклюзивтілік пен қоғамдық келісімнің негізінде жүзеге асты. Алысқа барудың қажеті жоқ Шыңғыс хан құрған мемлекетте инклюзия болды деуге толық негіз бар. Шыңғыс хан этносаралық татулық пен дін және мәдениет бостандығына арқа сүйеді. Нәтижесінде этностық идентификация мен діни шектеулерге арқа сүйген көршілес мемлекеттердің тұрғындары өз елі үшін күресте аса үлкен белсенділік таныта қоймады. Шыңғыс хан жеңісінің бір бөлігі тек оның ұлы стратегиялық дарынында ғана емес, көршілес ел тұрғындарының өз отаны үшін күресте мүдделілік танытпауында. Демек, ортақ мүдде қоғамды біріктіретін бірден бір фактор. Осыны жаңа Қазақстанды құрып жатқанда есімізден шығармасак екен.

Жақыпбек АЛТАЕВ, философия ғылымдарының докторы, әл-Фраби атындағы ҚазҰУ профессоры.

КЕЗДЕСУ



СОТТАЛҒАН АНАСЫМЕН ҚАУЫШТЫ

ЗК-169/1 тереу изоляторындағы сотталғандармен ұзақ мерзімді кездесулерге тек әйелі, балалары ғана емес, аналары да келіп тұрады. Мәселен, Ғалымжан есімді сотталған азаматқа анасы келді. Елу жеті жастағы ананың айтуы бойынша Ғалымжан үйінің кенжесі. Қаладағы құрылыс жұмыстарында сылақшы болып еңбек етіп жүрген. Тапқан табысын қалың малға жинапты.

– Сол күні балам жұмыстан кеш оралды. Көйлегінің жағасы жыртылған. Жағаға не болды дегенімде, жұмыстағы балалармен төбелесіп қалдым, – деп қысқаша жауап берді. Ертеңіне таңертең полиция келіп алып кетті. Міне, енді соның өтеуін өтеп отыр, – деп анасы көзіне жас алды.

Ал анасының кездесуге келгеніне қуанған жас жігіттің өзі былай дейді:

– Бүгін анаммен кездесуге мүмкіндік берген мекеме басшылығына алғысымды білдіремін. Анам өзімен үй тағамдарын әкеліпті. Соның ішінде жұмсақ бауырсақтарын құмарта жедім. Мұнда төрт мезгіл тамақ береді. Өйтсе де, анамның қолымен мейіріммен жасалған тағамдардың дәмі ерекше ғой. Қамауда отырып, бостандықтың, жанына жақын туыстарының қадірін жете түсінеді екенсің – делі, ҚР ҚК-нің 106-баптың 1-бөлігі бойынша 3 жыл 8 айға бас бостандығынан айырылған 30 жастағы жігіт.

Р.НАРБЕК

СОТ КАБИНЕТІ

QR-КОДТАРДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ

«Сот кабинет» порталы – бұл мемлекеттік қызмет көрсетудің жоғары деңгейдегі ресурсы. Портал арқылы талап арыз жіберу оңай әрі барлық адамдарға қолжетімді және кез келген уақытта, сотқа келмей уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. «Сот кабинет» сервисінің мақсаты – процеске қатысушылардың істің қозғалуы жөніндегі ақпаратты жедел алуы, шығарылған үкім, шешім, қаулылармен және басқа керек ақпараттармен уақытында таныса алатындығында.

«Сот кабинеті» сервисінде QR-кодтарының жаңа технологиясы енгізілгендігін хабарлаймыз.

Халыққа ыңғайлы болу үшін және бірінші стандартқа көшу мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде авторизациядан өту және ұсынылатын құжаттарға қол қою тетігі өзгертілді.

Енді авторизациядан өту және құжаттарға қол қою Egov mobile мобильді қосымшасының Face ID және Touch ID (QR-кодты сканерлеу) арқылы мүмкін болады. Енгізілген жаңашылдық сервиспен жұмысты айтарлықтай дәрежеде жеңілдетті.

Артықшылықтары: EGov mobile арқылы ЭЦҚ алу; Компьютерде ЭЦҚ қажеттілігін болмауы

(тұрақсыз NCALayer арқылы қол қою мәселесі шешілуде);

Мобильді гаджеттердің қосымша параметрлерінің қажеті жоқ; Мобильді гаджет арқылы авторизациядан өту және құжаттарға қол қою.

«Сот кабинеті» сервисіндегі жаңалықтар туралы хабардар болуын арттыру және оны одан әрі насихаттау мақсатында халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Жүргізілген түсіндірмелік жұмыс портал арқылы келіп түсетін жүгінулердің өсуіне себеп болады деп үміттенеміз.

Семей қаласы №2 сотының баспасөз қызметі

ПӘРМЕН

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

Әрбір адамның және азаматтың құқықтарының заң алдында тең болуы ҚР Конституциясымен кепілдендірілген.

Адам құқықтары дегеніміз – кез келген адамның өз ойын, максатын, мүддесін заң аясында жүзеге асыру мүмкіндігі. Жалпы, адам құқықтары табиғи және әлеуметтік болып екіге бөлінеді. Табиғи құқықтарға адам тіршілігінен туындайтын құқықтар кіреді. Яғни, адамның еркін өмір сүруі, оның бостандығына қол сұғылмауы т.б. Ал әлеуметтік құқық дегеніміз – адамның мемлекетпен өзара әрекеті процесінде пайда болатын құқықтар. Яғни, білім алу, еңбек ету, азаматтық алу, сот әділігіне жүгіну, еркін жүріп-тұру т.б.

Іске қатысатын адамдардың құқықтары бар, оның ішінде іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және көшірмелер түсіруге, қарсылықтарын мәлімдеуге, дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға, іске қатысатын басқа да тұлғаларға, куәларға, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға, өтінішхаттар, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану туралы, дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, татуластыру рәсімдерін қолдану туралы өтінішхаттар беруге және т.б. әрекеттер жасалынады.

ҚР азаматтық сот ісін жүргізу т-



ралы заңнамасында берілген басқа да процесік құқықтарды пайдалануға бәрі құқылы. Олар басқа адамдардың құқықтарын теріс пайдаланбай, олардың мүдделеріне нұқсан келтірмей, өздеріне тиесілі барлық процесік құқықтарды адал пайдалануға тиіс және істерді қарау мен шешу мерзімдерін қасақана созып жіберуге жол бермеуі керек.

Қылмыстық процеске қатысушылар – қылмыстық қудалауды және сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар, сондай-ақ, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері өкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын тұлғалар:

прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, күдікті, қорғалуға құқығы бар куә, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер, жәбірленуші, жекеше айыптаушы, азаматтық талапкер, олардың заңды өкілдері және өкілдері.

Тараптар процесік құқықтарын тең иеленеді және олардың бірдей процесік міндеттері болады.

Динара МҰҚАНОВА,
Көкшетау қалалық
мамандандырылған тергеу
сотының бас маманы-сот
отырысының хатшысы

ҚЫЗМЕТ

ТӨРТІП ПЕН ТАЛАП БІРДЕЙ



Қызылорда облыстық Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментінің ұйымдастыруымен Облыстық кірістер департаментінің 16 қызметкері ЗК-169/1 тергеу изоляторына экскурсия жасады. Мұндағы басты мақсат – мемлекеттік қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, бас бостандығынан айыру мекемелерінде болудың ауырпалығын сезіну, сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқықбұзушылық салдарымен таныстыру.

Тікен сымдардың арғы жағындағы экскурсияның мемлекеттік қызметкерлер үшін тәрбиелік мағынасы зор. Себебі, мекеме бастығының орынбасары, әділет капитаны Әмірбек Азамат Темірбекұлы экскурсияға келушілерді тергеу изоляторының арнайы контингенттер ұсталатын аймағындағы шаруашылық бөліміне қалдырылған сотталғандар жататын жатақханамен таныстырып, камераларын аралатты, қылмыскерлердің жағдайларымен таныстырды. Алдымен

кезекші бөлімге бастап апарып, тергеу изоляторының негізгі қызметтік міндеті, мекеме ішінде жүріп тұру жағдайы жайлы айтты.

– Біздің ЗК-169/1 тергеу изоляторының негізгі міндеті күдіктілер мен айыпталушылар және тергеудегілер, бес жылға дейінгі сотталғандарды ұстау және олардың режим тәртібін қадағалау. Сотталған азаматтарды өмірге қайта тәрбиелеу. Яғни, мұнда сот үкімі заңды күшіне енгенге дейінгі айыпталушылар мен күдіктілер және шаруашылық бөліміне қалдырылған сотталғандар отырады. Толтыру лимиті – 430, бүгінгі таңда қамауда 250-ге жуық контингент бар. Соның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмысымен кодекстің 366, 367-баптары бойынша қамауда ұсталынып отырғандар да бар. Олар өздеріңіз секілді мемлекеттік қызметте болған азаматтар. Бұл азаматтар жазалау орындарына алғаш түсіп отырғандықтан өзге қылмыскерлерден оқшауланып, бөлек камераларда ұсталынады. Бірақ, тәртіп пен талап бәріне бірдей қатаң, – деді капитан А.Темірбекұлы.

Раушан НАРБЕК

БІТІМ

МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ КЕҢЕЙДІ

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын және өзара қолайлы шешімге келуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Сонымен қатар, тараптарға өзара тиімді келісімге қол жеткізуге көмектесетін бейтарап тұлға – медиатордың көмегімен жеке болмаса заңды тұлғалар арасындағы дауларды реттеу процедурасы.

Сот процесі арызданушы екі тараптың бірнеше ай уақытын аласа, медиация процесі тараптарды бірнеше сағат ішінде татуластырып, шешім шығарады.

Қазіргі таңда сот өндірісінде медиация заңын қолдану арқылы аяқталған істер саны күн санап артып келеді. Бұл азаматтардың медиацияға деген оң көзқарасы мен ортақ шешімге келуге дайын екендіктерін, құқықтық мәдениеттің дамып келе жатқандығын көрсетеді. Мысал ретінде аудандық сотпен қаралған азаматтық іске шолу жасасак. Талап қоюшылар жауапкерден еңбек ақысын экологиялық қосындыла-



рымен, материалдық және моральдық залалын, зейнетақы төлемін өндіруді сұрады. Тараптар істің дайындық кезеңінде медиативтік келісімге келіп, сот жауапкер талап қоюшыларға келтірген шығынды төлейтіні туралы медиатордың қатысуымен медиативтік келісімді бекітуді ұсынды. Соттың ұйғарымымен медиативтік келісім бекітіліп, азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды және талап қоюшыға мемлекеттік баж салығы толықтай қайтарылды.

Бүгінгі таңда сот жүйесі тарапынан

заңды насихаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдары мен газет-журналдарда мақалалар жариялау, семинар мен дөңгелек үстелдер өткізу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Сондықтан, еліміздегі медиация қызметінің алдағы уақытта да қолданыс аясы кеңі беретініне сеніміміз мол!

Айгүл БОЛЫСБАЙ,
Шалқар аудандық сотының
кеңсе бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ПРОБАЦИЯ

«ҚАЙЫРЫМ ҚЫЛСАҢ,
ҚАЙЫРЫН КӨРЕСІҢ»

Қызылордада пробация есебіндегі сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуде, олардың қоғамға деген оң көзқарасын қалыптастыру, қайта жасау мүмкін қылмыстың алдын алу мақсатында жергілікті атқарушы органдармен жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бүгін Сырдария-Нұрдария қоғамдық бірлестігі Сырдария аудандық пробация есебіндегі он сотталған қайырымдылық көмек көрсетті. Оларға бірінші кезекте қажетті азық-түліктер таратылып, мектеп жасындағы балаларына оқу құралдары салынған сөмке берілді.

– Пробация қызметінің инспекторлары бізге әрдайым рухани жағынан қолдау білдіріп отырады. Одан бөлек әлеуметтік, құқықтық, психологиялық, медициналық көмектер көрсетіледі. Бүгін бізге Сырдария-Нұрдария қоғамдық бірлестігінің қолдауымен азық-түлік үлестіріп, балаларыма сабаққа қажетті құралдар салынған сөмке берді. Бұл жақсылық жанымға қуат бергендей болды, – деді есептегі сотталған.

– Пробация қызметі есебінде тұрған жағдайы төмен отбасыларға қолымыздан келгенше қол ұшын беруге тырысамыз. Осылай көмек көрсету арқылы сотталғандарды қоғамға араласуға бейімдеу үшін әр түрлі қайырымдылық шараларын ұйымдастыратын боламыз, – деді аудандық пробация қызметінің аға инспекторы Асылжан Сақыбеков.

ДЕНСАУЛЫҚ

ВАКЦИНАНЫҢ ТӨРТІНШІ
КОМПОНЕНТІ
САЛЫНЫП ЖАТЫР

Қызылорда облысының түзеу мекемелерінде екпе салудың төртінші кезеңі жүргізілуде. Екпе салудың алғашқы күнінде ЗК-169/4 мекемесінде 62 сотталған вакцинаның төртінші компонентін алды.



– Алдымен №3 емхананың дәрігер-мамандары сотталғандарға егу препараты туралы ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізіп, денсаулығын тексерген соң, сотталғандар сауалнама толтыру арқылы өздерінің екпеге келісетіндігін білдірді.

Алғашқылардың бірі болып вакцинаның төртінші компонентін ЗК-169/4 мекемесінде жазасын өтеп жатқан Болат есімді азамат алды. Ол өзінің осы мекемеде жазасын өтеп жүріп бүгінге дейін вакцинаның үш компонентін алғанын, енді төртіншісін алып тұрғанын айтты.

– Темір торда отырса да, қоғамда қайта белең ала бастаған қауіпті індеттің таралуына алаңдаулымын. Денсаулық адамның бірінші байлығы. Сол үшін өзімнің және өзгелердің денсаулығына қауіп келтірмеу мақсатында «Inactivated» вакцинасын салдырдым. Жаза мерзімімнің аяқталуына тоғыз ай уақыт қалды. Екпені өзім үшін отбасымның амандығы үшін алып отырмын. Бұған дейін салынған екпенің ешқандай жанама әсері байқалмады», – деді сотталған.

ҚАЖ департаментіндегі сотталғандарды медициналық қамтамасыз ету тобының санитар дәрігері Шаймбетова Меруерттің айтуынша, COVID-19-ға қарсы вакцина облыстағы түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың келісімімен салынады. Мекемеде сот үкімімен жаза өтеуге жіберілген сотталғандардың арасында екпенің енді ғана бірінші компонентін алып жатқандар да бар. Үшінші екпені салдырған соң 6 ай өткен сотталғандар төртінші компонентін салдыртып жатыр. Қазіргі кезде, коронавирустық инфекциясының тіркелуі бойынша Қызылорда облысы жасыл аймақта тұр. Дегенмен, сотталғандар тарапынан екпені қарсылықсыз салдыртып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарайтындар қатары көптігі қуантады.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД

ЖЫР ӘЛЕМІ

«ІШІМДЕ ТЕРЕҢ БІР
МҰҢ БАР...»

ЗК-169/1 тергеу изоляторының шаруашылық бөліміне қалдырылған Нұртілеу ҚК-тің 293-бабымен 5 жылға бас бостандығынан айырылған. Бұл істі болып, қамалып жатқанда әйелі үшінші перзентін дүниеге әкелген болатын. Есептеп отырса сол кезде дүние есігін ашқан ұлы ол бостандыққа шыққанда беске толады екен. Сол перзентінің алғаш күлгенін, тапұл-тұпыл басқанын, жүргенін көре алмағанына өкінеді. Басқа да балаларын, ата-анасы мен жарын қатты сағынып жүр екен. Сондай шақтарда ол қолына қалам алып, сағынышын өлеңмен жазады.

– Өлең деген тумайды жайшылықта демекші, мұнда келгелі әртүрлі сезімді басымнан өткіздім. Ішімде терең мұң бар. Соңғы кезде сол мұңды қағаз бетіне түсіріп, күнделік етіп жазып жүрмін. Кейде өлең жазамын. Осында отырып, бостандықтағы күндерімді бос өткізгеніме, ашу үстінде жасаған қылмысыма

өкінемін, – дейді, орда бұзар отыз жастағы азамат.

Сағыныштан басады сары уайым,
Сезімді буырқанған неғылайын.
Іштегі сыр, өлең боп ақтарылсын,
Ақ қағазға түсіріп, шимайлайын.
Ата-анам, алыстағы амансың ба?
Амансың ба, ұл-қызым, күнім,
айым.

Есенсің бе, ақ маңдай асыл жарым,
Сағындым бірге өскен

дос-жараным.
Сағындым туған-туыс бауырымды,
Баурайы жасыл-желек ауылымды.
Темір торда отырып сағым сынды,
Жете алмай өздеріңе жаным

мұңды.
Қылмысыма жасаған өкінемін.
Жаратқаным пенденді кешіре біл.
Бостандыққа шыққан соң,
еңбек етіп,
Барлығыңның мерейіңді өсіремін.

Раушан НАРБЕК

1.

Назар ауданының конкурсы

Қарағанды облысы Қарағанды қаласының әкімдігі Қарағанды қаласында орнатылатын Әлихан Бөкейханға арналған ескерткіштерінің ең үздік жобасына ашық конкурсты өткізілетінін хабарлайды.

Конкурстық жобаның құрамы және басқа шарттары конкурстық құжаттарда көрсетілген.

